

"Өскемен қаласындағы Ертіс өзенінің су қорғау аймағы мен су қорғау белдеуін және оларды шаруашылыққа пайдалану режимін белгілеу туралы" Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2009 жылғы 3 маусымдағы № 89 қаулысына өзгеріс енгізу туралы

Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2014 жылғы 15 шілдедегі N 192 қаулысы. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 30 шілдеде N 3424 болып тіркелді

Р Қ А О е с к е р т п е с і .

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 9 шілдедегі Су кодексінің 39, 116-баптарына, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 27-бабы 1-тармағының 8-1) тармақшасына, «Шығыс Қазақстан облысының Өскемен қаласындағы «Кенді емес материалдар комбинаты» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің келісім-шарт аумағында Ертіс өзенінің белгіленген су қорғау аймағы мен белдеуінің шекараларын түзету» жобасына сәйкес, Шығыс Қазақстан облысының ә к і м д і г і **Қ А У Л Ы** **Е Т Е Д І :**

1. «Өскемен қаласындағы Ертіс өзенінің су қорғау аймағы мен су қорғау белдеуін және оларды шаруашылыққа пайдалану режимін белгілеу туралы» Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2009 жылғы 3 маусымдағы № 89 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде тіркелген нөмірі 2504, 2009 жылғы 21 шілдедегі № 115 – 116 (16201) «Дидар», 2009 жылғы 20 шілдедегі № 111 (18729) « Рудный Алтай» газеттерінде жарияланған) мынадай өзгеріс енгізілсін: аталған қаулыға қосымша осы қаулыға қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда **ж а з ы л с ы н .**

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен **с о ң** **қ о л д а н ы с қ а** **е н г і з і л е д і .**

Облыс әкімінің	
міндетін атқарушы	Е. Көшербаев
«КЕЛІСІЛДІ»	
Қазақстан Республикасы	
Қоршаған орта және су ресурстары министрлігі	
Су ресурстары жөніндегі комитетінің	
Су ресурстарын пайдалануды реттеу	

және қорғау жөніндегі Ертіс бассейндік	
инспекциясының басшысы	Р. Сүлейменов
2014 жылғы « 16 » 07	
Қазақстан Республикасы Тұтынушылардың	
құқықтарын қорғау агенттігінің	
Шығыс Қазақстан облысы тұтынушылардың	
құқықтарын қорғау департаменті	
басшысының міндетін атқарушы	Ғ. Сүлейменов
2014 жылғы « 15 » 07	

Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің
2014 жылғы « 15 » шілдедегі
№ 192 қаулысына
қосымша

Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің
2009 жылғы 3 маусымдағы
№ 89 қаулысына
қосымша

Өскемен қаласындағы Ертіс өзенінің: Өскемен суэлектрстанциясынан бастап Ертіс өзені арқылы өтетін теміржол көпіріне дейінгі сол жағалауының; Пограничная көшесінің тұсындағы Ертіс өзені арқылы өтетін автомобиль көпірінен бастап Выставочная көшесінің тұсындағы қаланың шетіне дейінгі оң жағалауы учаскелеріндегі су қорғау аймағы мен су қорғау белдеуі

№ р/ с	Су объектісі, оның учаскесі	Су қорғау аймағы			Су қорғау белдеуі		
		Шекарасының ұзындығы, шақырым	Алаңы, га	Орташа ені, метр	Шекарасының ұзындығы, шақырым	Алаңы, га	Орташа ені, метр
1	Өскемен қаласындағы Өскемен суэлектрстанциясынан бастап Ертіс өзені арқылы өтетін теміржол көпіріне дейінгі сол жағалау учаскесіндегі Ертіс өзені	10,80	616,45	280-850	10,23	135,2	20-340
2	Өскемен қаласындағы Пограничная көшесінің тұсындағы Ертіс өзені арқылы өтетін автомобиль көпірінен бастап Выставочная көшесінің тұсындағы қаланың шетіне дейінгі оң жағалау учаскесіндегі Ертіс өзені	7,70	749,62	350-1770	14,22	200,56	15-360

Е с к е р т п е :

Су қорғау аймағы мен су қорғау белдеуінің шекаралары мен ені «Өскемен қаласындағы Ертіс өзенінің: Өскемен суэлектрстанциясынан бастап Ертіс өзені арқылы өтетін теміржол көпіріне дейінгі сол жағалауының; Пограничная көшесінің тұсындағы Ертіс өзені арқылы өтетін автомобиль көпірінен бастап Выставочная көшесінің тұсындағы қаланың шетіне дейінгі оң жағалауы учаскелеріндегі су қорғау аймағы мен су қорғау белдеуін белгілеу» және «Шығыс Қазақстан облысының Өскемен қаласындағы «Кенді емес материалдар комбинаты» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің келісім–шарт аумағында Ертіс өзенінің белгіленген су қорғау аймағы мен белдеуінің шекараларын түзету» бекітілген жобаларының картографиялық материалдарында көрсетілген.